

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі №91 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 28 маусымдағы № 153 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 5743 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 наурыздағы № 41 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 05.03.2020 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18404 тіркелген) бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі №91 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5628 болып тіркелген, 2019 жылғы 16 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, аудандар мен Орал қаласының әкімдері осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Б.А.Есенғалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.М.Сатқановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2019 жылғы 28 маусымдағы  
№153 Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің қаулысына  
қосымша  
2019 жылғы 12 сәуірдегі №91  
Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің қаулысымен  
бекітілген

### **Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге
<b>Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы</b>					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/шағылыстыру	10 000	94 379	943 790
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	маусымы	20 000	31 456	629 120
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағылыстыру маусымы	100 000	456	45 600
3.	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	сатып алынған бас	150 000	3 193	478 950
4.	Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу		225 000	1 450	326 250
5.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	Тірідей салмағы, килограмм	200	975 590	195 118
<b>Барлық сомасы</b>					<b>2 618 828</b>
<b>Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы</b>					
1.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				

1.1	Отандық немесе ТМД елдерінен әкелінген шетелдік	сатып алынған бас	150 000	94	14 100
1.2	Аустралия, АҚШ, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген		225 000	32	7 200
2. Сүт өндіру құнын арзандату:					
2.1	Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	20	730 000	14 600
2.2	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		10	816 630	8 166,3
			15	28 510	427,7
2.3	Ауыл шаруашылығы кооперативі		10	287 500	2 875
3.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/шағылысу маусымы	5 000	1 170	5 850
Барлық сомасы					53 219
Етті құс шаруашылығы					
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	600	47 000	28 200
2. Құс етін өндіру құнын арзандату					
2.1	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген немесе өңделген килограмм	60	1 800 000	108 000
Барлық сомасы					136 200
Жұмыртқалық құс шаруашылығы					
1. Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату					
1)	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	2,2	78 181 818	172 000
Барлық сомасы					172 000
Қой шаруашылығы					
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/шағылысу	2 500	19 169	47 922,5
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	маусымы	1 500	119 007	178 510,5
2.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	8 000	1 274	10 192
3.	Қозы өткізу құнын арзандату	өткізілген бас	3 000	15 000	45 000
Барлық сомасы					281 625
Жылқы шаруашылығы					
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	22	2 200
Барлық сомасы					2 200
Барлығы					3 264 072

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:  
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы;

## АҚШ – Америка Құрама Штаттары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК